

Жымпиты ауылының Қаратөбе көшесінің атауын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жымпиты ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 8 ақпандағы N 23 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 1 наурызда N 7-10-70 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Жымпиты ауылының тұрғындарымен өткізілген жиынның хаттамасына және аудандық ономастикалық комиссиясы отырысының хаттамасына сәйкес

ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. Жымпиты ауылының Қаратөбе көшесінің атауы "Алаш" қозғалысының белсенді қолдаушысы "Әлмұхамбет Оспанов атындағы көше" деп өзгертілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі *И. Бахтыбаев*